№3 (127) Наурыз 2017 жыл

# Мәдениет



## Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

# Мәдениет

**№3 (127) Наурыз 2017 жыл.**
**Ай сайын шығатын Республикалық мәдени-сараптамалық журнал**
**2006 жылдан шығады**

**МЕНШІК ИЕСІ:**
**«Мәдениет және өнер» ЖШС**



Бас редактор:
**Дулат ИСАБЕКОВ**
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы:
**Мырзан КЕНЖЕБАЙ**
Редакторлар:
**Ақмоншақ АХМЕТ**
Дизайнер:
**Нұржан МӘДІЛХАН**
Терімші:
**Рысжан МАХАМБЕКОВА**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**
**Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,**
ҚР Президентінің кеңесшісі
**Маман БАЙСЕРКЕНОВ,**
сыншы, профессор
**Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ,**
жазушы
**Байтұрсын ӨМІРБЕКОВ,**
өнертану профессоры
**Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ,**
ҚР Мәдениет және спорт министрі
**Есмұхан ОБАЕВ,**
режиссер
**Зейнолла САМАШОВ,**
тарих ғылымдарының докторы
**Жақсыбай ҚАСЫМБЕКОВ,**
техника ғылымдарының докторы, профессор
**Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ,**
сәулетші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



**МЕКЕН ЖАЙЫ:**
Алматы қаласы, Абай көшесі 143-үй, индексі 050009
4-қабат 412 кабинет
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 394-37-37,
Бас редактордың орынбасары: 394-41-79,
Электронды пошта: **madeniet_1@mail.ru**



Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №5209-Ж куәлігі берілді
20.02.2017 жылы терілді.
Басуға 28.02.2017 ж. рұқсат етілді.
03.03.2017 басылып шықты
**Таралымы**: 2000 дана, **Көлемі** 7,5 баспа табақ
Журнал «Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Алматы қаласы, Помяловсгого көшесі, 29А/1
Тел: 8-727-398-94-60



Редакцияға түскен материалдар өңделмейді.
Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалуы міндетті.
Жарияланған мақалалардың мағынасы редакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.


# МАЗМҰНЫ


*Ата-тарих*
**У.ШӘЛЕКЕНОВ**
Түрік термині қалай туған?..........2
*Түбі бір түркіміз*
**М.ИСАЕВ**
Түркістан – 2017 түркі дүниесі тәу етер мәдени Астана аталды..........6
*Ана тілім – ардағым*
**М.КЕНЖЕБАЙ**
Қайда барасың, қайран, тіл?..........8
*Ел есінде*
**Е.ӨМІРЗАҚҰЛЫ**
Қазақтың иммунитеті–домбыра..........12
*Ұлт уайымы*
**М.КЕНЖЕБАЙ**
Наурыз жетім қыздың тойы емес!..........14
*Азаттық алауын жаққандар*
**Т.ҚАТЫШОВА**
Ұлт-азаттық көтерілісі–тәуелсіздік бастауы..........16
*Лебіз*
**Ж.ДӘУРЕНБЕКОВ**
Зиялы..........20
*Әруақтарға тағзым*
**А.ӨМІРЗАҚ**
Кеңсай берер тағылым..........22
*Сырткөз-сыншы*
**М.КЕНЖЕБАЙ**
Қазақтар шетелдіктердің көзімен..........26
*Тәуелсіздік-20*
**Т.ДАНИЯРОВ**
Мәңгілік ел– мекенім..........28
*Ән тарихы*
**Ж.ТЕМІРХАН**
«Балқадиша» әнін қашанғы бұрмалап айта бермекпіз?..........31
*Дарын*
**Г.АХАТОВА, С.БАҚҚҰЛОВА**
«Талантымен дараланған суретші»..........32
*Кино*
**М.ПИЛТАН**
«Алмас қылыш» көрерменге жол тартты..........34
*Ұлыстың ұлы күні*
**А.АХМЕТ**
Алақайлап Наурыз келеді ағайын!..........36
*Театр жаңалықтары*
**А.АХМЕТ**
Үш қойылым..........39
*Театр*
**Е.ТӨКЕЕВ**
Театр өнерінің хас шебері..........43
*Руханият*
**О.ЖАҚСАНОВ**
Қостанай – дарындар ордасы..........48
*Жолдауға қолдау*
**Р.УАЛХАНОВА**
Елбасы Жолдауына кітапханалар атынан үн қосамыз!..........51
*Жетісу жаңалықтары*
**А.СҰЛТАНҒАЗЫ**
Түркінің текті перзенті..........52
**А.СҰЛТАНҒАЗЫ**
Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл..........53
*Жетісу жаңалықтары*
**Қ.СӘБИТОВ**
Теріс пиғылдылар тағдыры..........56
**Қ.ОРАЗЫМБЕТОВ**
Астана: ұлы дала рухы..........60
*Салауат*
**Ж.ТӨЛЕУІШ**
Тісіңізді қандай пастамен жуып жүрсіз?..........62
*Салауат*
**Е.ЕРКЕЖАН**
Қай паста қолайлы?..........63

# ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНА кітапханалар атынан үн қосамыз!

**Елбасының жыл сайынғы жолдауы – елім, жерім деген әрбір қазақстандықты үлкен жолға жетелейді. Жаңғырудың бес бағытына Елбасы терең тоқталған. Бес негізгі басымдылығын көрсетіп берді. Президенттің көрегендікпен жазған жолдауының көпшілік бөлімі біздің кітапханада жүзеге асырылуда.**



Кітапханада атқарылып жатқан жұмыстарға жақын «төртінші өнеркәсіптік революция»,- деген бөлім қатты ұнады. Мұнда айтылған автоматтандыру, роботтандыру, ауқымды мәліметтер алмасу базалары қазіргі жас ұрпақтың интеллектісін дамытуға көп әсер етеді. Шығыс Қазақстан облыстық А. С. Пушкин атындағы кітапхана жұмысы осы бағытқа негізделген. Қазір 10 жастан 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер робот құрастырудың қыр-сырына қанық болып, 3 D принтерлермен әр түрлі бөлшектерді, мүсіндердің макетін жасауда. Халықаралық ресурстік орталығының негізінде жаңа технологияларды игеру мақсатында әртүрлі іс-шаралар өткізілді. Жәрмеңкеде мектеп оқушылары шақырылып, оларға компьютерлік бағдарламаулау, 3Д принтермен модельдеу, роботтандыру және қол өнерден сабақтар өткізілді. Сабақтардың мақсаты жастарды жаңа технологияларға баулу. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсетуді дамыту керек деген екен жолдауда. Осы негізде кітапханада барлық өлкетануға байланысты кітаптар сандық форматқа көшіріліп оқырмандарға ұсынылып жатыр. Бұлар: «Өлкетану» (http://kray.pushkinlibrary.kz), «Біздің Абай» (http://irbis.pushkinlibrary.kz:8087/jirbis2/index.php?lang=kz) электрондық кітапханалары және «Қайым Мұхамедханов» электрондық библиографиялық көрсеткіш (http://kray.pushkinlibrary.kz/kz/m-khamedkhanovty.html). Сонымен, біздің кітапхана еліміздің «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын дамытуға өз күш жігерін қосуда. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын дамытуға өзіміздің күш жігерімізді қолданамыз. Біздің өлкеміздің тарихына қатысты фотосуреттер jpeg, bmp, png форматтарға көшірілуде.

Білімді ұрпақсыз алға жылжу мүмкін емес. Білім негізі –бастауышта. Сондықтан мектепке дейінгі білім беруге үлкен мән беріліп отыр. 2020 жылға дейін жүз пайыз балаларды балабақшамен қамтамасыз ету маған өте ұнады.

Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды,- деген жолдауда. Осы негізде біздің кітапханада Америка Елшілігімен бірлескен жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда: қолжетімді, тегін шет ел әдебиеті, аудио,видео ресурстар, әртүрлі тілдік үйірмелер( дебат клубы, әңгімелесу клубы, кино клуб), тұрмысы нашар отбасыларынан шыққан мектеп оқушыларына арналған ағылшын тілі мектебі (ACCESS), шетелдерде білім алуға кеңес беру (EducationUSA), бағдарламалармен оқыған түлектермен жұмыс (білім,тәжірибе алмасу, әртүрлі волонтерлық жұмыстар, мәдени іс-шаралары). Жақын арада біздің кітапхана «Мейкер спейс» (MacerSpace) алаңын ашпақшы. Президент жолдауын оқи отырып жолдауда көрсетілген басымдылықтардың біздің кітапханада жүзеге асып жатқанына өте қуаныштымын. Бұл жыл сайын халықаралық конференцияларға қатысып олардың іс тәжірибесімен алмасып жатқанымыздың бірден-бір белгісі.

**Ракия УАЛХАНОВА,**
**А.С.Пушкин атындағы кітапхананың бас библиографы**